

Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіретін ұйымдардағы акциз постары туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 1163 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 897. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс министрінің 2002 жылғы 6 мамырдағы N 483 бұйрығымен

Акцизделетін өнім өндірісі мен айналымы саласында бақылауды күшейту және салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдердің толық әрі уақтылы түсуін қамтамасыз ету мақсатында бұйырамын:

1. "Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіретін ұйымдардағы акциз постары туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ережені бекіту туралы" Мемлекеттік кіріс министрінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 217 V990800_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Ереженің атауында және мәтінде "этил спирті мен алкогольдік" деген сөздер "акцизделетін" деген сөзбен ауыстырылсын.

3 - т а р м а қ т а :

"Инспекторлардың жұмысына жедел басшылық, соның ішінде" деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

"ағымдағы бақылау" деген сөздердің алдында "және" шылауы жазылсын.

Мынадай мазмұндағы 3.1-тармақпен толықтырылсын:"Акциз постарының жұмысына жедел басшылықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитеті аумақтық бөлімшелерінің акцизделетін өнімнің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі бөлім басшылары жүзеге асырады.". 4-тармақта: 4-тармақша мынадай редакцияда жазылсын: "тек қана есепке алу тетіктер мен өлшеуіш аппараттар (приборлар) арқылы және соңғыларын пломба салынған күйде пайдаланғаны үшін акцизделген өнімді алып тастауға"; 5) тармақшада: "таңбаланған" деген сөзден кейін "таңбалануы тиіс" деген сөздермен толықтырылсын. 5-тармақта: 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі мен акцизделген өнім өндірісі мен айналымын реттейтін оның құрылымдық бөлімшелері бұйрықтарының орындалуын бақылауды жүзеге асыруға."; 5) тармақшада: "сатылған спирт" деген сөздер "сатылған акцизделетін өнім" деген сөздермен ауыстырылсын; 6) тармақшада: "алкогольдік" деген сөз "акцизделетін" деген сөзбен ауыстырылсын; 8)

тармақшада: "өнім" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігімен келісім бойынша" деген сөздермен толықтырылсын; 6-тармақтың 1 тармақшасында: үшінші абзацта: "алкогольдік" деген сөзден кейін " және темекі" деген сөздермен толықтырылсын; бесінші абзацта:

"тоқтатуға" деген сөз "тоқтата тұруға" деген сөздермен ауыстырылып, " хабарлауға" деген сөздің алдында "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне және" деген сөздермен толықтырылсын;

а л т ы н ш ы а б з а ц т а :

"(электронды көшірмелер)" деген сөздердің алдында "этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіретін ұйымдарда" деген сөздер қосып жазылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне N 1 қосымшаға сәйкес электронды почта (электронды көшірмелер) арқылы акцизделетін өнім өндіретін ұйымдардағы акциз постарының жұмысы туралы жедел мәліметтерді т а п с ы р у ғ а . " ;

7 - т а р м а қ т а :

"Спирттің барлық түрін өндіретін ұйымдардың инспекторлары" деген сөздер "акцизделетін өнім өндіретін ұйымдарға бақылауды жүзеге асыратын акциз постарының инспекторлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"акцизделетін өнімді сату кезінде сатып алушыларда қажетті құжаттардың (тиісті қызмет түріне лицензиялар, рұқсаттар) бар-жоғына, сондай-ақ акциз ставкаларының дұрыс қолданылуына бақылауды жүзеге асыруға";

2) тармақша алып тасталсын.

2. Облыстар мен Астана, Алматы қалалары бойынша салық комитеттерінің төрағалары және Салық полициясы комитеті аумақтық бөлімшелерінің басшылары акцизделетін өнім өндіретін ұйымдардағы акциз постарының жұмысын ұйымдастырсын.

3. Акциз постылары жұмысының жүзеге асырылуын бақылау жергілікті салық органдары мен салық полициясы басшыларына жүктелсін. 4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс Вице-министрі Қ.А.Нұрпейісовке және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитеті төрағасының бірінші орынбасары Қ.К.Қайырбековқа жүктелсін. Министр Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә . Ж .

